

НАРЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ-НЕСИЕ ЖҮЙЕСІ КУРСОВАЯ

ЖОСПАРЫ

КІРІСПЕ.....	
1. ҚАРЖЫНЫҢ МӨНІ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ.....	4
2. МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЫЗ.....	7
3. НЕСИЕ-БАНК ЖҮЙЕСІ.....	9
4. БАРАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЖӘНЕ ОНЫҢ АЙНАЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ. ҚОР БИРЖАСЫ.....	14
ҚОРЫТЫНДЫ.....	23
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	24

КІРІСПЕ

Қаржы Белгісі Бір қоғамның ақша ресурстары. Ол экономиканың дамуы мем ұдайы өндіріс процесін қалтамасыз етуге бағытталған. Кез келген мемлекетте қоғалдағы ақша ресурстарының құрамына мемлекеттік қаржы, шаруашылық жүйесінің қаржысы, кәсіпорының және тұрғындардың қаржысы енеді.

1. ҚАРЖЫНЫҢ МӨНІ, ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ

Мемлекеттің қаржысы — ақша қаражатынан тұрады. Ол қаражат тұрғындардың әлеуметтік кеңілдігін қамтамасыз етуде, заңдылық пен құқықты сақтауға қорғаныс йен қоғамдық шаруашылықты басқаруға жұмсалыды. Мемлекеттік қаржы құрамына: мемлекеттік бюджет, банктік және мемлекеттік несие, экономиканы тұрақтандыру қоры, зейнеткерлік, тұрғындарды жұмыспен қамту қоры, әлеуметтік және медициналық сақтандыру қоры, валюталық қор, мемлекеттік қоғамдық ұйымдардың қаржысы, мемлекеттік салалық министрлік пен ведомствоның қорлары енеді.

Шаруашылық жүйесіндегі қаржыны (мемлекеттік және мемлекеттік емес) - компания, концерн, холдинг, акционерлік қоғам, ассоциация, трест, бірлестіктердің ақшалай қаржысы құрайды.

Кәсіпорынның қаржысын (мемлекеттік, мемлекеттік емес) — меншіктегі және заемдағы қаржылар, ғылым мен техника қорының ақшалай қаражаты, әлеуметтік-мәдени даму мен материалдық ынталандыру қоры, амортизациялық қор, резерві және сақтандыру қоры енеді.

Тұрғындардың қаржысы — шаруашылық еңбек қызметтерінің (жалаңы, акция дивиденді, пай жарнағы мен банк салымының проценті т.б.) негізінде, коммерциялық және ажалықтық банктегі сақталған қаржылардың, зейнеткерлік қорды мемлекеттік іске қосудың нәтижесінде ақшалай қаражатты құрайды.

Аталған құрылым қаржылықжүйені құрайды. Бұл құрылымның қызметі экономикалық қатынастар жиынтығын тұрғызып, ақша қаражатын ұлғайтмалы ұдайы өндірісте құру, бөлу, пайдалануды жүзеге асырады. Және басқада қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға жұмсалыды.

Нарықтық қатынастар жайғдайында қаржы негізінде төрт қызметті атқарады: бөлу, реттеу, ынталандыру және бақылау.

Мемлекет ұлттық табыстың едәуір белгін қоғамдық шаруашылыққа, әлеуметтік — мәдени шаралаға, мемлекетті басқару мен қоғамысты дамытуға бағыттауды қаржының бөлу қызметі атқарады.

Қаржының реттеу қызметі экономикалық дамуды реттеуді мемлекеттің сырттай тәсілімен жүргізгенінде пайда болады. Мемлекет оны салық салғанда, несие саясатында, әртүрлі экономикалық жеңілдіктер мен дотация кезінде жүзеге асырады.

Қаржының ынталандыру қызметі кәсіпорынның экономикалық дамуын әртүрлі ынталандырығанда жүзеге асады.

Қаржының Бақылау қызметі белінген қаражаттардың мақсатты пайдаланудың жүйелі түрде тек сүру арқылы жүзеге асады.

Қаржы нарығы — нарықтық экономиканың қатыптасқан элементтерінің бірі. Өз аяғына капитал нарығы, валюта нарығы ғана емес және бағалы қағаздар нарығын өндіреді. Бұл нарықтарды өз құрамына енгізудің мақсаты — еркін қоғамыстағы ақша ресурстары мемлекеттің, кәсіпорынның және акционерлік қоғамның мүддесіне жұмсау. Әкімшілік-әміршілдікжүйеде қаржы нарығының қызметін мемлекеттік бюджет, банктің

несне жоспары, министрліктің қаржы жоспары т.б. тетіктер арқылы жүргізілген.

Экономикалық реформа кезінде кәсіпорын өз шаруашылығын жаңа түрде жүргізіп қаржы ресурстарын қалыптасқан тәсілмен болып, қолдануға барынша шектеу қойылды. Ресурстардың министрліктер арқылы ішкі сала бойынша бөлуін барынша қысқартты. Сондықтан қаржы нарығы құрудың қажеттілігі пайда болды. Оның экономикалық негізі - кәсіпкерлердің қаржы ресурстарына қажеттілігінен туып, оны беру мүмкіндігін қысқарады.

Қаржы нарығы — өзінің инфрақұрылымымен айқындалған күрделі механизм және жаңа ақпараттық ағындармен ерекшеленеді. Қаржы нарығын құру үшін кешенді мәселелерді шешу қажет. Оған бағалы қағаздар эмиссиясы және оның курсының өзгеруі, инфрақұрылым мен ақпаратты қамтамасыз етуді жатқызамыз. Нарықтық экономикаға өтуде қаржы нарығын дамыту несне-қаржы жүйесін қайта құруды талап етеді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, нарықтық экономикаға екі түрлі қаржылық қатынастар әсер етеді - бюджеттік және нарықтық. Мемлекеттік бюджет пен басқа деңгейдегі бюджеттер және бюджеттік емес орталық қаржы қорларының қалыптасуы, әдетте кәсіпкерлер табысының қайтарылмайтын бір бөлігінен және азаматтар табысынан тұрады. Осы табыстар мемлекеттің қабылдаған міндеттері мен мақсаттарына қайтарылмайтын бюджеттік қаржыландыру жолымен қолданылады.

Ақша ресурстарын бюджеттік пайдалану нарықпен толықтырылып отырылуы қажет. Қаржы нарығында ақша толыққанды тауар ретінде жұмыс атқарады. Оның қолдану бағасы нарық сағасына сәйкес сұраным мен ұсыным негізінде белгіленеді. Қаржы нарығы жағдайында кәсіпорын, ұйымдар, тұрғындар тұрақты ақшалай қорланған табысты қалыптастырып, оны алуға ұмтылып жасайды. Ал, қалық шаруашылығы қосымша қаржы көздеріне ие болады. Мұндай капитал нарығысыз кәсіпорындарды өзін-өзі қаржыландыру мүмкін емес. Олардың инвестициялық мүмкіндіктері тек өздерінің қарал-жабдықтарында шектеліп, басқадай толтыру көздері жоқтың қасы.

Біздің шаруашылық өмірімізде ақша ресурстарын пайдалануда бюджеттік әдіс кеңірек бөлек алып, қаржы нарығы тіпті болғанда жоқ. Ақшаның барлық қоры мемлекеттің қолында болып, мемлекеттік бюджет арқылы үлгілік табыстың үлгінен екісі бөлінді. Несне жүйесінде тек қана мемлекеттік банктер жұмыс жасады. Олардың қызметінде кәсіпкерлік бастамаға шек қойылды. Бюджеттік қор мен несне ресурстары «жоспарға негізделіп» бөлінді, олардың қаржылық қауқары және тиімді қолданылуы ескерілмеді. Рентабельдігі төмен және шығындары көп кәсіпорындар осылай күн есіп, берекесіздік бөлек алып, мемлекеттік бюджет тапшылығы пайда болды. Жүзеге асырылған шаруашылық реформасының (1965 жылғы) нәтижесінде кәсіпорынның қаржы ресурстары біршама өсті. Ал, оларды пайдалану қатан бақылауда болды. Кәсіпорын мен кәсіпорынның, кәсіпорын мен тұрғындардың, кәсіпорын мен банктердің қорларды өзара бөле-бөлісуіне

тыым салынды. Банкетті қаспанын қорының (қаржысы) есеп шоттары процентсіз сақталды.

Қаржы нарығын қалыптастырудың өзіндік қиындығы бар. Сондықтан да Бағалы қағаздар институтын құру қажет және қаржы нарығы инфрақұрылымын дамыту абзал.

2. МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЫЗ

Қаржы жүйесінің негізгі буыны мемлекеттік бюджет болып табылады. Мемлекеттік бюджет ретінде 1991-ші жылға дейін Одақтық бюджет болып келді. Оған барлық Одақтас республикалардың бюджеті енгізеді. Бүгінде Қазақстан егеменді ел болған соң, республика үкіметі өзінің ұлттық мемлекеттік бюджетін жасауға кірісіп кетті.

Одақтық бюджет 1984-ші жылдан бастап тапшылық күйін көше бастады. Нарықтық қатынастарға кешіру бюджет балансының тапшылығына қатты әсер етті. Ол жылма-жыл қарыздар болған кәсіпорындар мен ауыл шаруашылығының салмақты дотацияларды бюджет қығына артуымен түсіндіріледі. Өнеркәсіп өнімін сатып алу бағасы мен ауыл шаруашылығы өнімін сату бағалары тепе-теңдігінің бұзылуы нәтижесінде де болды. Күрделі әлеуметтік бағдарлама мен мұрағандық кеткен шығындарды мемлекет дотациялап отырды.

Мемлекеттік бюджет — мемлекеттің негізгі қаржылық жоснары. Ол мемлекеттің шығын мен табыстарының балансы. Бюджет ұғымы француздың сөзі немесе табыс пен шығындарды бөлу. Бюджет табысы мен шығын құрылымы және нарықтық экономикада елдің мемлекеттік бюджеті, жеке баптар бойынша ара салмағы төмендегідей:

Кесте - 1.

Табыстар	Жеке баптар, %	Шығындар баптар %	Жеке
Салық, акциз, Баж салығы	75-80	Халық шаруашылығы	30-40
Салықтық түсімдер (мемлекеттік меншіктен табыстар)	5-8	Әлеуметтік шығындар (денсаулық сақтау, білім, жергілікті органдарға субсидия)	25-30
Мақсатты бағыттағы қорларға түсімдер әлеуметтік, медициналық қамсыздандыру, зейнеткерлік қамсыздандыру, жұмыссыздықтан	10-12	Қарулану мен сыртқы экономикалық қызмет шығындары	20-10
		Құрық қорғау органдары басқару мен оған басқару қажетті шығындар	10-15
		Мемлекеттік қарыз төлеуі	5
Барлығы	100,0	Барлығы	100,0

Егер шығындар табыстан асып кетсе, бюджет тапшылығы пайда болады. Бюджет тапшылығы жою үшін табыс бөлігін тоқтыру қажет немесе мемлекеттік бюджеттің шығын бөлігін қысқартқан жөн. Бюджеттің табыс пен шығысының асырмашылығын жабу үшін, мемлекет қиындаруымған вариантына көшеді. Демек мемлекет ұлттық банк несиелерінің, тұрғындардың жалпылық банктегі салымының, сақтандыру қоғамдары қорының, белгіленген бөлігін алып отырады. Осы сомалар мемлекеттік қарызды құрайды. Бұл мемлекеттің ішкі қарызы.

Мемлекеттің ішкі қарызынан басқа сыртқы қарызы да болады. Бюджет тапшылығын бәсеңдету үшін мемлекет тек қана ішкі мүмкіндіктермен ғана шектелмей, қайтару мақсатымен сыртқы зайындар мүмкіндіктерін де пайдаланады. Міне, осылай мемлекеттің сыртқы қарызы да пайда болады.

3. НЕСИЕ-БАНК ЖҮЙЕСІ

Ақша қорының аяқспалы пайналымы кезінде кәсіпорын, бірлестік, акционерлік қоғам, қоғам, трест, кәсіпкер мен шығын және орта бизнес серіктестіктерінің өндіріс уақыты мен өнім айналысы арасындағы айырмашылыққа байланысты шаруашылықтың кейбір бөлімшелерінде уақытша ақша қорының пайда болғандығын байқаймыз. Ал, қалған бөлімшелерде ақша қорына қажеттілік туып отырады. Осы мүмкіндіктер несиелік-банк жүйесінің өмір сүруіне жағдай жасайды. Сондай-ақ тұрғындар мен әртүрлі ұйымдарда уақытша еркін қалған ақша қорлары пайда болады.

Әлеуметтік-бағытталған аралас нарықтық экономикада қарыз нарығы қалыптасады. Ол қаржы нарығының құрамына енген.

Қарыз нарығы — қаржы нарығының бір бөлігі. Ұдайы өндіріс процесіне уақытша қатысуға пайдалану үшін еркін қалған ақша қорлары өткерілу (откізу) объектісі міндетін атқарады. Қарыз нарығы еркін қалған ақша қорын қайта бөліп, жаңадан ақша ресурстарын құрайды. Бұл жаңа ресурстардың жеделдігіне, төлем қабілеттілігіне және қайтарымдылығына жағдай жасалады.

Банк ұсынатын несиелер — қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді болып жіктеледі. Қысқа мерзімді несиелер бір жылға беріліп, айналым қорларын қалыптастыруға жұмсалады. Орта мерзімді несиелер екі-үш жылға жаңа құрылысқа, өндірісті техникалық қайта қаруландыру және жаңартуға, жаңа техника мен технологияға беріліп, олардың үш жылға қайтарымды болуы міндетті.

Ұзақ мерзімді несиелер он жылға және одан да көп уақытқа беріліп, кәсіпорынның негізгі қорларын ұлғайтуға жұмсалады. Бұл несиелер тұрғындардың жеке үй, пәтер соғына және оны сатып алуы үшін беріледі.

Несіелік бірнеше түрлері бар: а) банктік, ә) чектік, б) коммерциялық, в) тұтыну, г) халықаралық. Банктік несиелерде клиент векселі дисконттанып, оған есет-шот ашылады. Есет-шотқа дисконтталған вексельдің құны салынады. Чектік несиелерде банк қарыз сомасын ұсынады. Осы сала көлемінде клиент төлемдерді өтеу үшін чекжазып береді. Белгіленген уақыт мерзімінде қарыз өтелуі қажет. Коммерциялық несиелер төлемдерді төлеуді созу үшін ұсынылады. Бұл несиелерді банк кәсіпорынға уақытша мұқтажы үшін береді. Тұтыну несиелері — тұтынушыға тауар мен қызмет төлемдерін соза орындау үшін қажет. Халықаралық несиелер сыртқы экономикалық байланыстарға қызмет жасайды.

Несіелік қызметін банк арқылы жүргізеді. Экономикалық көзқарас тұрғысынан, банктер — несиелік-қаржы мекемесі. Банктің негізгі қызметі тұрғындар мен ұйымдардың, кәсіпорындардың еркін ақша қорларын тартып, қорландыруды жүзеге асыру.

Банк жүйесіне әлемдік тәжірибе көрсеткендей ұлттық банк, басқада банк ұйымдарының түрлері және арнайы осы сала мекемелері де жатады. Сондай-ақ, коммерциялық, сақтандыру, инвестициялық топтар мен кей елдерде ипотечалық банк те жатады. Аталған мекемелердің әрқайсысы өз қызметін атқарады. Ұлттық банк ақша эмиссиясымен, мемлекеттік бағалы

қағаздарды сатып алу және сатумен айналысып, коммерциялық және жинақтық банктегі несиелер резервтерін реттейді.

Коммерциялық банктер кәсіпорын мен компаниялар тұрғындардың бір бөлігін ақшалай қорларын шоғырландырып, банктің коммерциялық қысқа, орташа несиелерін жүзеге асырады. Жинақтық банктер тұрғындардың салымдарын шоғырландырумен айналысып, өзінің қорларыныңденін мемлекеттік бағалы қағаздарға салады. Инвестициялық банктер бағалы қағазды салуға делдалдық жүргізіп, өнеркәсіп үшін кеңес беру қызметін жасайды.

Біздің елімізде банк жүйесіне:

а) ұлттық банк те енеді. Оның мекемелері - бөлім, қолторлары барлық облыста, аймақ мен қалалар да бар. Жалпы біртекті ақша өлшемі «тенгеге» негізделіп, олар біржелкі банкжүйесін құрап, резервтік жүйесі қызметін атқарады;

б) Коммерциялық банктер жеке және заңды тұлғаларға түрлі қызмет жасай отырып, келісім негізінде несиелер - есептеме жүзеге асырады.

Коммерциялық банктер әртүрлі меншік негізінде құрылады. Олар - акционерлік, кооперативтік, шетел банк капиталының қосылуымен жеке банк де болуы мүмкін. Коммерциялық банкке салынған ақшалай капитал несиелер оның бір бөлігі мемлекетке жатады. Банктің кейінгі атқаратын қызметі тәуелсіз болып, оның қызметі үшін үкімет ешқандай жауапкершілік алмайды.

Ұлттық банк ресурстарды тарту жағынан коммерциялық банктен бәсекелесе алмайды, себебі оның депозиттік пайыз бойынша етті әдіс жасау мүмкіндігі төмен.

Коммерциялық банктің классикалық қызметі вексельдік айналымға негізделген. ТМД елдерінде бұл қызмет 30-шы жылдары жойылып, Қазақстан Республикасында 1997-ші жылы 28-ші сәуірден бастап «Вексельдік айналым туралы» заңын қабылдаумен енгізілді. Вексельдік айналым коммерциялық несиені жүзеге асырады, қазіргі алатын үлес салмағы шамалы ғана. Кәсіпорының тауар айналымы арқылы қызметіне вексельдік айналым бақылау жасауды қалтартасыз етеді.

Банк мекемесінің басты табыс көзі болып берген қарыздың пайызы паналады. Сондай-ақ банктің шығындары да бар. Оларға: тұрғын-жай арендасы немесе оны сатып алу, қызметтерді жалдау, басқа мекемелердің қызмет жасағанына ақы төлеу, ақша капиталы мен сақтандыру қорларын пайдаланғаны, салымдарға төленетін пайыздар және т.б. жатады. Берілген қарыз бойынша алынған пайыз жиынтығы, басқада жүргізген операциялар табысымен бірге және осыдан банк шығыныны алып тастағандағы қалдық банк пайдасы болады. Банк пайдасының аты маржа деп аталады.

Банкке табыс әкелетін операцияны - активті (қарзынды), ал ақша капиталын қосу арқылы жасалған операцияны - пассивті деп айтамыз. Қазіргі несиелер —банк жүйесіндегі мекемелер бірнеше шартты түрден құралған. Олардың өзара айырмашылығы активті және пассивті ерекшеліктерімен айқындалады. (кесте 27-2 қараңыз).

Банк ресурстарын - өз капиталы және клиенттер салымы немесе депозиттері құрайды. Банк ресурстарының көп бөлігі депозит болып табылады. Жедел депозит және талап ету бойынша депозиттер болады.

Жедел депозиттер банктерде белгілі мерзімге қабылданып, сол уақыты біткен соң беріледі. Ал, талап ету бойынша депозитті салушы алғысы келгенде алуына болады. Бұл депозиттер ағымдағы есеп салымы түріне жатқызылып, салушы банктен чектік кітапшаны алады. Сол кітапшаны пайдалана отырып, салушы салым мөлшері дөңгейнен кез келген сомаға чек жазу құқығына ие болады.

Кесте - 2.

Аталуы

Эмиссиялық бағыттер

Коммерциялық банктер

Активті (қарқынды) операция

Мемлекет пен коммерциялық бағыттерге берілген қарыздар. Мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу.

Қысқа және орта мерзімде қарыздарды беру. Мемлекет облигациясын сатып алу. Басқаның мүмкіндігін асқару.

Инвестициялық облигация мен акцияны банктер орналастыру (салу).

Қаржы операциясындағы делдалдық

Сақтандыру қоралдары

Жинақ банкі

Инвестициялық компаниялар

Зейнеткерлік қорлар

Ұзақ мерзімде қарыздарды беру. Жеке облигацияларды сатып алу. Акцияларды сатып алу.

Ұзақ мерзімде қарыздарды беру.

Басқаның облигациясы мен акциясын сатып алу.

Қарыздар. Облигация мен акцияларды сатып алу.

Пассивті (қарқынсыз) операция

Банкноттарды шығару, мемлекеттік бағалы қағаздарды сату

Тұрғындар мен кәсіп-орынның ақшалай салымдары.

Бәлік несиелері.

Жеке адамдар мен кәсіпорындан сақтандыру сыйлығы.

Тұрғындардың ақшалай салымы.

Тұрғындарға өз акциясын сату.

Жұмысшылар мен

кызметкерлердің

жарнасы

Активті (қарқынды) операциялар: вексельді, тауар ішіндегі қорлық (қаржылық) және баланстық операция болып бөлінеді. Қолында векселеі бар кәсіпкер, әдетте, вексельді оныңтолеу мерзімі келгенше нақты ақшаға

ауыстыруға мәжбүр болады. Осы істі банктер вексельдік операция арқылы жүргізеді.

Осы операциялардың бастысы — вексель есебі мен вексель бойынша қарыздар беру болып табылады. Бірінші жағдайда вексельді банк оның иесінен сатып алады.

Вексель иесіне онда көрсетіп ақша сомасынан есептегі дисконт пайызын шағерудегі молдығын береді. Екінші жағдайда вексель банкке уақытша өтіп, берілген қарыздарды қалтамасыз етеді. Вексельдің мерзімі біткен соң, оны заемщик сатып алуы қажет. Банктің тауар ішіндегі операциясы тауар документ немесе тауар ювю (залог) арқылы оның қарыз беруімен түсіндіріледі.

Банктің қорлық операциялық бағалы қағаздар-акция, облигация арқылы жүзеге асады. Бұл операцияларға бағалы қағаздар кепілдігі мен қарыз беру, банк инвестициясы жатады. Банк несиелерінің қалтамасыз етілген — вексель, тауарлар, бағалы қағаздар — қарыздарынан өз ерекшелігі бар. Банк несиелеріне қалтамасыз етілмеген қарыздар жатады.

Соңғы 10-15 жылда банк қызметінде операцияның жаңа түрлері белен ала бастады. Олар: лизинг, факторинг, қаржы-трастық операциялар.

Лизинг (ағылшын сөзі) мүліктерді (машинна, ірі құрал-жабдықтар т.б.) уақытша пайдалануға ету немесе беру. Қысқа мерзімді прокаттан (1 жылға дейін) ерекшелігі сол, лизингтік компания ірі құрал-жабдықтарды сатып алып, фирма-арендаторға 5-8 жылдан астам уақытқа жалға береді. Фирма-арендатор пайдаланған мүліктер қарызын жайпал, мерзіміне қарай өтейді. Лизингтік контрактның мерзімі біткен соң, мынандай мүлкіндіктер қарастырылады: арендатордың ірі құрал жабдықтарды қалдықтың бағамен сатып алуы; жаңа келісім жасауы — мерзімі ұзақтылады — лизингтік компанияларға материалдық бағалылықтарды (мүнды) қайтаруы. Қазақстан мен шетел мамандарының пайымдауында лизингтік негізгі түрлеріне — қаржы лизингі және оперативтік лизинг жатады. Қаржы лизингтік контрактсына — арендаға беріп күрделі қаржысының толық амортизациясының белгіленген мерзімі кезінде төленетін сомасы және оған белгілі пайданы қалтамасыз ету жатады. Оперативтік лизингке (қаржы лизингіне енбеген) содан қалған аренданың ірі құрал-жабдықтары енеді. Бұл жағдайда арендаға алған мүлік аренданың келісілген мерзімінде толық амортизацияланбайды. Соңғы кезде әртүрлі банктер белсенді лизинг ролін атқаруда. Лизингке қатысуда банк екі түрді таңдайды: тікелей және жаңама.

Егер банк машинна және ірі құрал-жабдықтарды уақытша пайдалануға берсе, ол тікелей қатысу болады. Ал, банк лизингтік компанияға қарыз берсе, ол жаңама болады. Лизингке қатысуда америка банктері белсенділік таңытуда. Оған мына мысалдар, дәлел: 70-шы жылдары әрбір бесінші американ банкі 100 млн. доллардан астам активімен тікелей лизингке қатысқан. Жалпы лизингтік операцияға қатысушылар санының 500 астам банк құраған. Қазақстан Республикасында аренданың осы түрі жаңадан ғана пайда болып келе жатыр.

Факторинг - қаржы коммерциялық қызметтің бір түрі. Сондай-ақ банк өз клиентінен құқықты «сатып» алып, оған ақшалай қарыз болғандарды өндіреді. Мысалы, жеткізілген тауарға ақы төлеу және атқарылған жұмыспен қызмет міндеттілігі Факторинг тауардың жеткізілуіне қарай банктің ақы төлеуін қамтамасыз етеді және жіберілген тауардың документтерін талап етеді.

Кейіндеу сатып алушылардан қарызды факторингтік қызметті көрсеткен ұйым (банк) алады. Егер клиент тарапынан міндеттемелер бұзылса (мысалы, сатып алушылар алғанда, тауар сапасы жасалған контрактқа сай болмаса), онда қарызды алу тәуекелділігі қайтадан клиентке көшеді. Факторинг клиентке тиімді, себебі айналымды құрал-жабдықтардың айналуын жеделдетеді, дебиторлық қарыздың ақы төлеуге несие процентін алуға байланысты шығындарын қысқартып, банкпен арақатынасты барынша ыңғайлы етеді. Банк факторингтік қызмет көрсеткені үшін комиссиялық марапат төлемін алып отырады. Ол факторингті жүзеге асырғандағы шығындарды жабады. Бұған несие ресурстарын пайдаланыған процент ставкасы да қосылып, пайданы қамтамасыз етеді. Факторинг банк табыстарының негізгі көзі болып табынады.

Коммерциялық бағаның жеке және заңды тұлғалар мүліктерін бағдару жұмысын — трастық операция дейміз. Клиенттердің талсыруы бойынша сенімге не болып, әртүрлі істерді солардың мүдделерді үшін атқаруды да жатқызамыз. Осы операцияны (істі) жүзеге асыруда банк формалы агент болып, комиссиялық түрде табыс алады. Келісім бойынша банк өз клиенттерінің қаржысын басқарады. Бұл қаржылар акция, облигация, басқада бағалы қағаздарға салынады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында коммерциялық банктер қаржы-трастық операцияны жасауға енді-енді кірісуде.

4. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЖӘНЕ ОНЫҢ АЙНАЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚОВБИРЖАСЫ

Бағалы қағаздар — несіне табыс әкелетін, оның кәсіпорын (фирма) мүліктеріне қатысты барлығын куәландыратын коммерциялық документ. Бағалы қағаздар табысты иелеріне дивиденд түрінде әкелінеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы» 1996 жылғы 21-ші сәуірдегі жарлығына байланысты елімізде бағалы қағаздар нарығы айналымына акция, облигация, мемлекеттік қазыналық міндеттемелер, жинақ пен депозит, сертификаттарды және вексель жіберіледі.

Бағалы қағаздар ережесі бойынша оларды нарыққа еркін сату ҚР-ы 1997 —ші жылғы 15-ші наурыздағы «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңына сай жүргізіледі.

Капитал салудың сенімділігіне, табыс әкелудің тұрақтылығына тек облигация ғана бола алады. Облигация (ол) сатушылардың ақша қаржыларын куәландырады. Сондай-ақ номинальды құнның толтырылу міндеттілігін қуаттап, оның белгіленген уақытта мөлшерлі пайызын қайтаруда ескереді. Пайыз салымның белгіленген мерзімінде тең порциямен төленеді. Кейбір облигацияларды пайыз арнайы отелмейді. Облигацияны жабу кезеңіндегі сатып алынған бағасы мен несіне сатылған баға айырмасы ретінде төленеді.

Облигацияның бірнеше түрі бар: мемлекеттің ішкі және жергілікті займ облигациясы, мақсатты займдар облигациясы, аймақтық облигация және кәсіпорын (фирма) облигациясы. Облигация әртүрлі бон шығарылады: озіндік және талап етушіге, пайыздық және процентсіз (мақсаттық), еркін айналыста және шекті айналыс шеңберінде. Бұдан басқа мемлекет әртүрлі қазыналық міндеттемелер түрін шығарады. Бұл тұрғындардың өз еркімен мемлекеттік бағалы қағаздарды салу түрлеріне жатады және олардың ақшалай қорын бюджетке ұстаушыларды куәландырады. Куәландырылған құжат нақты табысты бағалы қағаздардан белгіленген барлық мерзімде алып тұру құқына ие етеді. Қазыналық міндеттемелердің мына түрлері бар: ұзақ мерзімді, орташа мерзімді, қысқа мерзімді. Ұзақ мерзімді қазыналық міндеттемелерді алушылар үшін мемлекет 5-ден 25 жылға дейін шығарады. Бұл қазыналық міндеттемелер бойынша табысты жыл сайын купонмен төлейді немесе міндеттемелерді номиналға жыл сайын төлем жасамай-ақ пайыз төлеу арқылы жабуы көздейді. Орта мерзімді қазыналық міндеттемелер 1 жылдан 5 жылға дейін шығарылып, купонға ие болмайды. Қысқа мерзімді міндеттемелер иелеріне 3 және 6, 12 айға шығарылады. Бұл міндеттемелер купонға ие емес және олардың жабылуы (жойылуы), оған жазылған пайыз мөлемінде қысып, сатып алу жолымен жүргізіледі.

Бағалы қағаздардың келесі түрі акция болып табылады. Акция — акционерлік қоғамның мүлкіне белгілі пайды салғанын қуаттайтын бағалы қағаз және оның несіне (акционеріне) нақданың бір бөлігін дивидент түрінде алу құқық береді. Акцияны акционерлік қоғам, кәсіпорын, ұйымдар, коммерциялық банк, кооперативтер мен басқада мекемелер шығарады. Олар

ұжымдық меншікке негізделген немесе толық мемлекеттік меншік шаруашылығында болады. Ақция бағалы қағаздар нарығы — екі біржасында сатылады және сатып алынады. Ақция бұл процесі біржалық емес сауда негізінде де жүзеге асырады. Ақцияның номиналды құны мен нарықтық бағасы бар. Ақцияның нақты бағасы (нарықтық курсы) акционерлік қоғам пайдасының мөлшеріне тікелей байланысты өзгереді. Сондай-ақ алынатын дивидент мөлшері мен қарыз пайызы деңгейіне байланысты да өзгереді.

Шетел тәжірибесінде ақцияның әртүрлі есімді (ірі кутворлы) және екілді (үсақ кутворлы), жай, жеңілдікпен пайдаланатын, бір дауысты, көп дауысты, дауыссыз болып қолданылады. Біздің елімізде жай ақция шығарылып, жеңілдікпен пайдаланатын табысы болып, акционерлерге салған капиталы үшін айқындалған процент түрінде қатты табысты алуларына құқық береді. Алайда жеңілдікпен пайдаланатын ақция шектелген мерзімде қолданылады және белгілі уақыттан соң, акционерлік қоғам оны жабады. Ал, оларды немендешілер акционерлік қоғам жұмысын басқаруда ешқандай дауысқа ие емес. Жеңілдікпен пайдаланатын ақциялар акционерлік қоғамның жарғылық қорының 10%-тен аспайтын сома мөлшерінде ғана шығарылады.

Ақция категория бойынша былай бөлінеді: еңбек ұжымының ақциясы, кәсіпорын ақциясы және акционерлік қоғам ақциясы. Еңбек ұжымының ақциясын мемлекеттік кәсіпорындар (бірлестіктер), арендалы, ұжымдық кәсіпорын, кооператив және қоғамдық ұйымдарға жататын кәсіпорындар шығаруға құқылы.

Еңбек ұжымының ақциясы сол кәсіпорында жұмыс істейтіндерге ғана таратылады. Оған қатысы жоқтарға таратылмайды.

Ақцияны кәсіпорын шығара отырып, екі пайдалылықты көздейді:

Біріншіден, көбірек пайда табу үшін, тұрғындарды қосымша қаржы салуға жұмылдыру, екіншіден кәсіпорын жұмысшыларын басқару процесіне барынша тарту. Себебі кәсіпорынның жетістігі оның табысына тікелей әсер етеді.

Акционерлік қоғамның ақциясы кәсіпорын мүлгінің барлық сомасына немес жарғы қорына шығарылады. Сондықтан кезкелген меншіктегі кәсіпорын акционерлік түрге өзгереді. Бұл қоғамның ақциясы оған еркін жазылу арқылы таратылады. Кейде барлық ақцияны құрылтайшылар арасында өзара бөледі. Олар есімді және көрсетілген болып та шығарылады. Бір қолдағы қорлардың көп болмауы үшін және акционерлік қоғаммен бақылауды жоғалтпау үшін есімді ақциялар қолданылады. Алайда бұнда сенімсіз, себебі оған қатысы жоқ адамдар болуында әбден мүмкін білемдік тәжірибе бұған қарсы өте тиімді тәсіл белгілі. мысалы, АҚШ-да бір компанияның 60%-тік ақциясына иесі оған ай сайын оның сатып алу-сату жайында есеп беріп отырады.

Әрбір есімді ақцияның жоғалысы ақцияның тіркеу кітабында белгіленеді. Ақция бланкіінде есімді ақция ұстаушының аты-жөні көрсетіледі. Ақция бланкінің көрсетілген түрінде оны ұстаушының аты-жөні

жазылмайды. Акция тіркесу кітабында жалпы шығарылған акцияның көрсетушіге қатыстысы ғана белгіленеді.

Акционерлік қоғам — кәсіпорны, ұйым мен мемлекеттік орындардың еркін біріккен түрі. Ол акциясын айналымға шығару арқылы өзінің босаған қаржы ресурстары мен еңбекшілердің сақтық қорын орталақтандыруға жұмылдырады. Акционерлік қоғам өз жарғысы негізінде жұмыс жасап, кез келген шаруашылық саласында іздестіре алады. Сондай-ақ, қаржы мен өндірістік-шаруашылық қызметпен айналысатын күрделі ұйымдардың да негізі бола алады. Бұған жетекшілік жасау басқарма, директордың бақылау кеңесі және басқада ұжым түрлері арқылы жүргізіледі. Басқарудың ең жоғарғы түрі - акционерлердің жиналысы болып табылады. Акция мөлшеріне қарай пропорционалды түрде әрбір акционердің жиналыста алатын өз дауысы бар. Акцияны ұстаушы өз өкілеттігін жүргізу үшін, акцияның көп мөлшеріне ие болуы қажет. Егер ұстаушы акцияның 50% - дан астамын иеленсе, онда ол акция бақылау пакетіне ие болады. Акционерлік қоғамды басқаруға және толық бақылауға 20% мөлшердегі акция да жетеді.

Акционерлік қоғамның басты қызметі — уақытша босаған акция қорын өндірісті ұйымдастыру мен көптеген жұмыс түрлеріне жұмылдыру болып табылады. Акционерлік қоғам акцияны әртүрлі номинальды күрмен шығарады және дауыс саны да әртүрлі болады. Акция иесі акционерлік қоғамның пайшығы, ал облигация иесі -оның кредиторы (несиегері) болып табылады. Акционерлік қоғамның пайдасы акционерлер арасында табыс, дивидент түрінде бөлінеді. Акция иесі акционерлік қоғамнан өзінің салған капиталынан талап етуге құқығы жоқ. Қоғам жабылғанда негер акцияға салынған қаржыны номинальды бағаммен ғана алады.

Акционерлік қоғамның екі түрі бар. Акцияны құрылтайшыларда болып, еркін нарықта сатылмайтын түрін «жабық» дейміз. Акцияны еркін сатылатын және сатып алынатын түрін «ашық» дейміз. Қазақстан республикасының «Азаматтық Кодесінде» акционерлік қоғам туралы ереже бар.

Қазақстанда акционерлік қоғам XIX-шы ғасырдың аяғы мен XX-шы ғасырдың басында пайда болды. Бұл кезде Қазақстанның өнеркәсібі өте нашар дамыды. Тек ғана тау-кен өнеркәсібі алғашқы қадамдарын бастап, шетел капиталы сол салаға ұмтылды. Зырян қазба байлығы 1886-шы жылы француздардың қолына отып «Зырян тау-кен өндіруші қоғамы» құрылтайшылығы құрылды. Американдықтар «Спасс қоғамы», «Орыс-азиат корпорациясы» акцияларын ұстап, Қазақстанда екі «балалық» құрылтайшы қоғам құрылды. Олар Риддер полиметалдық қазба байлығы («Риддер акционерлік қоғамы») және Екібастұз көмір аумағы. Алғашың кәсіпкерлеріне жататын — «Батыс-Орал мұнай қоғамы», «Солтүстік-Каспий мұнай компаниясы» да бізге белгілі. Сондай-ақ шетел капиталының негізінде құрылған «Нобель серіктестігі», «Колмада», «Қырғыз тау өнеркәсібі қоғамы», «Виннер» т.б. атауға болады.

Қазақстан 1899-шы жылы Бай Копес Дерев құрған Воскресенск тау-кен өнеркәсіп қоғамы құрылды. Бұл бірінші ірі тау-кен өнеркәсібінің кәсіпорны орыс капиталының негізінде құрылып, Павлодардан Балқашқа дейінгі

кеністіктегі тас көмір мен күміс-қорғасын рудасы бар көп жерді жалға алды. Сондай-ақ XIX-шы ғасырдың 90-шы жылдарында Ембіде бірінші мұнай өнеркәсібі компаниясы пайда болып, оған отставкадағы штабс-капитан Ясман басшылық жасады. Орыс қоғамы «Ембі-Каспий» және «Орал-Каспий» мұнай өнеркәсібі қоғамы шетел «Орал-Каспий мұнай өнеркәсібі қоғамы» мен «Орал-Каспий мұнай корпорациясын» бақытталы.

Большевиктердің 1917-шы жылы өкімет басына келуіне орай және Кеңес үкіметінің құрылуымен акционерлік меншік түрі жойылды. Алайда жана экономикалық саясатқа көшуге байланысты акционерлік қатынастар қайта туа бастады. Қысқа мерзімде 1922-24-ші жылдары - 120-дан астам сауда, өнеркәсіп және несиелік компаниялары тіркеліп үлгерді. Акционерлік механизм арқасында мемлекет және капиталды экономиканың қажетті саласына тарта бастады. Өміршілдік-әкімшілдік жүйенің 1929-шы жылдың аяғында қалыптасуы мемлекеттің экономикадағы нарықтық қатынастардан толық бас тартуына әкелді. Нәтижесінде акционерлік қоғамның тіршілігі тоқтады.

Қазақстан Республикасында реформалық процессті жүргізудің және әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесін қайта құрудың арқасында 1991-ші жылдан бастап акционерлік процесс көле алына бастады. Дәлдерінің күшеюіне қарай бұл процесс өте ауыр өтеді. Сондай-ақ оның экономикада қалыптасуы мен қарқында дамуы айқын байқалуда. Ең бастысы ассоциация құрылтайшылардың қатысу үлесіне қарай ірі кәсіпорындардан қалыптасады. Ең басты ұйымында «балалық» кәсіпорындардың бақылау пакет акциясы қалады. Акционерлік ұйымның мұндай бірлестігі ірі өндірістік кешеннің жұмысын кенілдіктен атқарады. Бұлай атқару өз саласында бір-бірімен байланысқан дайын өнімді өткеретін, шикізатпен қамтамасыз ететін кәсіпорындар, конструкторлық және жобалық ұйымдар, зерттеу-іздеу мекемелерін т.б. түрлі тарту нәтижесінде жүзеге асады. Қазақстан Республикасында 1996-шы жылға дейін 48 холдингілік компания болды. Өте белгілі холдингітер — «Камкор-холдинг» (Қазақ мемлекеттік автосервис пен сауда холдингілік компаниясы), «Казатромхолдинг» (ауыл шаруашылық машина мен автосервис акционерлік холдинг компаниясы), «Интеркаспий», «Қаратау», «Монтажспецстрой». Акционерлік қоғам акциясын, жоғарыда айтқанымыздай кәдімгі және жеңілдетілген болып бөлінеді. Соңғы түрі табысты алуға құқықтың негізі болады. Жеңілдетілген (жеңілдік пайдаланатын) акция дивидентті акция ұстаушыға тұрақты мөлшерде төлемге кепілдік жасайды. Дивиденд пайдадан төленеді, ал оның жетіспеген кезінде резервтік қор есебінен алынады. Кәсіпорынның жойылған кезінде жеңілдетілген акция иесі пайданың бір бөлігін

сатылған мүлкінен алады. Бағалы қағаздар иерархиясында компания акциясы облигациядан төмен болады, бірақ кәдімгі дауысқа түсетін акциядан жоғары. Алайда, жеңілдетілген (жеңілдік пайдаланатын) акция акционерлердің жалпы жиыналысында дауысқа түсу құқына ие емес. Олар «дауыс бермейтіндерге» жатады. Сондықтан оның иесі акционерлік

қоғамның басқару процесіне қатысайды. Мұндай акциялар және инвесторды тартуға қызмет жасайды.

Жетілген акция иесі қатты процентті төлеуден қалған пайданың бір бөлігі кәдімгі акцияны ұстаушылардың арасында дивидент түрінде бөлінеді. Кәдімгі «дауыс беруші» бола алады. Олар бір немесе бірнеше дауысқа ие болуы мүмкін. Оған дивидент жылдың аяғында пайданың есебінен төленеді және мөлшері тез ауытқып отыруы мүмкін.

Акцияның сатылу және сатып алу бағасын акция курсы дейміз. Егер ол көп болса, онда дивидент те жоғары боп төленеді. Алайда, акция капиталының иесі акцияны сатып алғанда, одан алған дивидентін қарыз проценті-табыспен салыстырады. Себебі банкке акцияны сала отырып кепілдікпен алатынына толық сенімді. Процент деңгейі жоғары болса, акция курсы төмен болады және керісінше. Ол былайша анықталады:

Акция курсы = дивидент қарыз пайызын 100

Дивидент деңгейі ауытқысы, оның көлемін анықтайтын бағыттар бар. Дивидент пайыздан төмен болмауы қажет, себебі ол банктен салымдар арқылы төленеді. Банк проценті кепілдендірілген, ол дивидент тәуекелмен байланысты. Әйтпесе инвестор банкке салым салуға кінәйланар еді. Дивидент деңгейінде инфляция индексі мен тәуекел дәрежесі ескеріледі. Соңғысының сандық бағасын беру қиын, сондықтан да оның негізіне акционерлік қоғам тәуекелділік қорының жіберген пайызын есепте алады. Егер банктің салымдық процентін орташа 5% деп алсақ, инфляция индексі 7%, ал тәуекелділік дәрежесі 5% болады. Онда дивидент акцияның номинальдық құнының 17%-тей шамасын құрайды.

Бағалы қағаздар сауда-сатқышының орталығы қор биржасы болады. Шұ тарақты жұмыс істейтін, тәртіптілікті қатаң сақтайтын қаржы мекемесі немесе сатушы мен сатып алушы белгілі уақытта бір-бірін табатын тұрақты орын. Биржалық комиссия тексеруден мұқият өткен, айналысқа шығарылып, оны реттеп отыратын қағаздарды қайта сатады. Сөйтіп қор биржасы екінші аталатын бағалы қағаздар нарығына қызмет жасайды. Қор биржасы нарықтық экономиканың негізгі элементі бола отырып, уақытша босаған акция қорларын бағалы қағаздар арқылы сатуға мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ компаниялардың акциясы мен облигациясына нарықтық құнды белгілейді. Бағалы қағаздарды биржада сату мен сатып алу биржалық курс негізінде жүзеге асады.

Биржалық курс деленіміз - қор биржасы айналымындағы бағалы қағаздың сатылу бағасы. Биржалық курс дивидент көлеміне тікелей, ал қарыз пайызының мөлшеріне кері байланысты болады. Биржалық курстың кәдімгі акциясы облигация мен жеңілдетілген акцияға қарағанда көп болады. Оның табыс деңгейі алдын-ала белгілі емес, себебі конструкцияның тербелісіне ұшыраған. Тіркелген биржалық курс биржалық бюллетеньде жарық көріп, мерзімді басылымда қайта шығарады. Мұндай курс сұраным мен ұсынысқа байланысты және оған төленетін дивидент мөлшерінің әсері де ықпалы етеді.

Бағалы қағаздар курсы қозғалысының жағын тек көрсеткіш белгілі Доу-Джонс индексі болып табылады. Бұл АҚШ-ғы ірі компаниялары тобы акция

курсның орташа көрсеткіші. Осы мәліметті XIX-дың аяғынан бастап «Джонс энд компани» фирмасы шығарып отырған, Бұл индекс Нью-Йорк қор биржасының жабылуы кезіндегі белгілі компаниялар тобының (30 өнеркәсіп корпорациясы, 15 қолдану кәсіпорны, 20 темір жол компаниясы, - барлығы 65 корпорация) күнделікті орташа арифметикалық көгіровкасын құрайды. Осындай орташа есептеу жүйесі облигацияның алғы тобында да жүргізіледі.

Қор биржасы көп жағдайда жабық болады. Себебі қор саудасында қор мүшелері ғана қатыса алады. Қор мүшелері маклер (брокер) мен диспечерге бөледі. Олар табысының бір бөлігін биржада клиенттер тапсырмасын орындап, делдалдық операция жасау арқылы табады. Биржа мүшелерінің құрамынан биржа комитеті сайланып, арнайы комиссия ұйымдастырылады. Комиссия бағалы қағаздарды биржа операциясына жіберу туралы шешім қабылдайды.

Қазіргі кезде дүниежүзінде 60-тан астам елде 200-ге жуық қор биржасы бар. Олардың ішіндегі ең ірілері: Нью-Йорк (1023,2 МЛН.ДОЛЛ.), Лондон (76,4 млн. долл.), Токио (392,3 млн.долл.), Париж (19,3 млн.долл.) биржалары болып табылады. Қазақстан

Республикасында қор биржасын құру процесі енді іана басталуда. Бұл процесс меншіктің қалыптасуы кезінде жеделдей түседі. Қазақстанда 1995 жылы сәуір айында «Бағалы қағаздар және қор биржасы» туралы Заң қабылданды. Онда жалпы құқықтың ұйымдық жағдайлар айқындалып, оны шығару мен айналымға енгізу қаралып, қор биржасы қызметінің негізгі принциптері қарастырылған. Алғашқы қор биржасы 1991 жылы сәуір айында Алматы орталық қор биржасы деген атпен ашылды. Қазақстан қор биржасының жұмысын тиімді деп айта алмаймыз. Қазақстан Республикасы қор биржасындағы тек көлемді сауда-саттыққа ғана бағалы қағаздар операциясын жатқызамыз.

Сондай-ақ басқада бағалы қағаздар түрлері бар. Бұл депозиттер мен жинақтық сертификаттары.

Депозиттік сертификат — банк шығарған ақша нарығының инструменті. Жедел депозиттік ақша нарығының түскен мерзімін белгілейді және проценттік ставкасы да бар. Оны инвестор, кәсіпорын, ұйымдар көбірек қолданылады. Себебі сертификат жеңіл ауысатын (алмасатын) қысқа мерзімді инвестициялық инструмент болып табылады. Депозиттік сертификат банкте сақталады және қаржылық емес корпорациялар уақытша бос еркін қор ретінде сақталғандықтан сатып алады.

Жинақтық сертификат несиелік мекемесінің ақша қорын депозитке салу жайы кәулік. Депозиттің белгіленген мерзімі өткен соң пайызбен қоса салушыға алу үшін құқық беретін құжаі Сертификатты Ұлттық банк немесе басқа банк береді. Бұл кәчпе сертификат белгілі уақытта алынатын келісімнің проценті болып табылады. Жинақтық сертификаттар атаулы (есімді) және іалап етушіге жіктеліп беріледі. Атаулы (есімді) сертификаттар айналымда болмайды және оларды сату жарамсыз болып табылады.

Чек - қайта түрде белгіленген құжат. Онда белгілі адамдардың есеп-шотынан көрсетілген соманы төлеу жайы Банкке нұсқау жасайды. Чекті ақшалай және есептесу деп бөледі. Ақшалай чектен Банктен нақты ақша алады. Есептесу чекі арнайы Банкте жазбаша толтырылған Банкке берілген тапсырыс. Чек беруші есеп-шотынан чек ұстаушы есеп-шотына ақшалай төлемді жүргізу және нақты емес есептесу ретінде де қолданылады.

Чекті бірнеше түрлері бар: Банктегі ақсептелген және ақсептелмеген, шоттасылған және шоттасылмаған чектік қатапшалар. Олармен төлем жүргізгенде үнемі қалдық шотит көрсетіліп, чекті қолдануға бақылау күшегіледі, депозитке салынған жоғары төлеу сомасына көшірме чек берілмейді. Соңғы кезде ішкі шаруашылық чекі кең етекжаюда. Оның негізгі жұмысы кәсіпорындардың ішкі бөлімімен өзара есем жүргізу.

Қазіргі кезде Батыс елдерінде чектен баска несие карточкасы көбірек қолданылады.

Алғашқыда несие карточкалары «қарыздылық» атауымен АҚШ-та 1915-ші жылы «Дайнерс-клуб» фирмасы шығарды. Олар айналым құрады ретінде қызмет жасады және университет, бензин құятын станцияларда және т.б. қолданылады.

Сонда несие карточкасы арқылы есептесу жүйесі қалай жүзеге асады? Пластикадан жасалған карточка торбұрышты стандартты мөлшерден (размер 86x54mm) тұрады. Бұл карточканы клиенттерге арнайы Банктер немесе компаниялар береді. Онда несінің тегі жазылып, қойған қолының үлгісі тұрады. Тауарды оларды, қызмет көрсетуде оларға нақты ақы төлеудің (чек көшірмесі де керек емес) орындына өзінің несие карточкасын көрсетсе жетеді. Сатушы есеп-шотқа карточка номерін жазады, сонан соң онда клиенттің қолы қойылса, тауар сатып алынған болып табылады.

ЭВМ-ның, жеке компьютердің пайда болуы несие карточкасының жаңа кезекті қалыптастырып, «электронды ақшалар» — дебет-карточка түрінде қызмет жасай бастады. Бұл автоматты жүйемен нақты берілгендіктен кең келемде таралды. Бұл жүйе көбінесе үйдің қабырғасына орналастырылған арнайы құрылған жүйе болып табылады. Автоматты кассирлер нақты ақшаны есептеуші құрылымға пластикалық карточка салынған соң береді. Арнайы магниттік кен жолақта Банк есеп-шоты негерінің керекті реквизиттері жазылған. Онда компьютер клиентті идентификациялайды және команданы орындайды. Берілген сома дебеттің есептеу есеп-шоты арқылы жүргізіледі. Қазіргі кезде мұндай карточкалар Банк пен олардың клиентіне өзара есептеу операциясында кеңірек қолданылады.

Қазақстан Республикасында қытырлаған құрордың орнына пластикалық карточка ендіру жобасы жасалды. Бұл төлемнің ақшасыз жүйесін жеңілдеткен болар еді. Жобаны қысқа мерзімде ендіру кезделуде. Айданменен еліміздің барлық облыстық орталықтарынан бастау жүзеге асырылмақшы.

Бағалы қағаздардың ерекше түріне вексель де жатады. Вексель — шартты түрдегі вексель берушінің жазбашы қарыз міндеттілігі және белгіленген мерзімнен соң, вексель (негеріне) ұстаушыға берішек ақша

сомасын төлеу. Вексель қатаң белгіленген түрде құралады. Ол өзінің кетеріне онда көрсетілген ақша сомасын талап етуіне құқық береді. Вексельдік міндеттемелер қысқа мерзімге беріледі. Әдетте бір жылға, көбінесе бір-екі айда бір рет болады. Вексель көбіне коммерциялық несиетке қызметтесейді, ал вексельдік айналым кезінде ақшаны ауыстырады. Вексельді басқа адамға беру, индоссамент (индоссамент - жай және аудармалы вексельдерді табыстау формасы) түрінде қол хат арқылы жүргізіледі. Вексель өзінің түрі жағынан жай және аудармалы болып бөлінеді. Жай вексель — бір немесе бірнеше адамдардың жазбаша міндеттілігі және белгілі ақша сомасын көрсетілген мерзімде төлеу. Жай вексель ынтымақтастық жауапкершіліктен бірнеше адамға берілуі мүмкін.

Аудармалы вексель (тракта) - бір адамның екіншіге берген жазбаша түрдегі бұйрығы және үшінші адамда белгілі ақша сомасын көрсетілген мерзімде төлеуі. Аудармалы вексель уақыты көрсетілмесе, талап еткен де ақысы төленеді. Аудармалы вексель көп мөлшерде тараған. Вексельдің түрі шығаратын елдің заңдарымен айқындалады. Вексель сыртқа саудада несие - есептесу қатынастарын іске ашыру құралы түрінде кеңірек қолданылады. Банк зайындар бергендегі банктердің өзара қатынастары вексель түрінде жүргізіледі. Банк акцептері банкке қойылған (аудармалы вексель және өзінің акцептелген) кең көлемде тарауы белен ала бастады. Банк акцептерінің сенімділікке не болуы қалықаралық төлем құралы ролін дүрдіс атқаруға ықпал жасады. Вексельдік айналым нарық тығыздылығы жағдайында кең шенберде тарауы мүмкін. Ол кезде тауар өндіруші тауар тұтынушыға таласып, тіпті оған тауарды қарызға беруге дайын.

Ұлттықбанк 1994-ші жылы сәуірде қазыналық вексельдің бірінші аукционның еткізіп, оны үш ай мерзімде жабуды белгіледі. Вексельдер дисконтталған бағамен еткерілді немесе номинальды құннан төмен бағамен жүргізілуі. Сатып алу бағасын аукционға қатысушылар өз ұйғарымымен анықтайды. Мүндай аукционның мән-мағынасын бағалау өте қиындау.

Біріншіден, қысқа мерзімді міндеттемелерді шығару - Қазақстан үкіметі тәжірибесінде бірінші ірі еркенетілік қадам бол табылады. Сондықтан бюджет тапшылығын жаңа ақшаны басып шығару тәсілімен емес, жеке және құқықтық тұлғалар заем қорлары арқылы жабу; екіншіден, қазыналық вексельдер аукционы Ұлттық банк тәжірибесінде ақша-несие саясатының жаңа инструментін — екінші бағалы қағаздар нарығы операциясын — ендіруге ықпал жасады. Бұл екінші бағалы қағаздар нарығы операциясы ақша массасының көлеміне әсер етеді. Екінші бағалы қағаздар нарығы вексель несіне келі келген уақытта өзінің ақшасын қайтарғын бере алады және үш ақжырымш күттірмей-ақ пайыз өсімімен бергізеді.

КАТЕГОРИЯЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР

Қаржы, мемлекеттік қаржы, шаруашылық жүйесіндегі қаржы, кәсіпорын қаржысы, тұрғындар қаржысы, мемлекеттік бюджет, жергілікті бюджет, бюджеті тапшылығы, ішкі және сыртқы үйемлекеттік қарыл банк несиесі, чеклік несие, тұтынушы несие, қайықаралық несие, коммерциялық несие, банк, ұлттық банк, коммерциялық банк, жинақ банкісі, инвестициялық банк, ипотекаі банк, активті операция, пассивті операция, депозиттер, жедел депозит, талап бойынша депозит, вексельді операция, тауар арқылы операция, қор операциясы, банк операциясы, лизинг, факторинг, қаржы-трасттық операция, қаржы лизингі, операциялық лизинг, бағалы қағаздар, акция, облигация, есімді акция, екілетті акция, жерілдетілген акция, бір дауысты акция, көп дауысты акция, дауыссыз акция, еңбек ұжымының акциясы, кәсіпорын акциясы, акционерлік қоғам акциясы, акционерлік қоғам, акция бақылау пакеті, қолдинг, дивиденд, акция курсы, қор биржасы, биржалық курс, депозиттік сертификат, жинақ сертификаты, чек, несие карточкасы, жай вексель, аудармалы вексель.

ҚОРЫТЫНДЫ

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

ҚОЛДАҢҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...